

периода на левом берегу реки Илек. Прошлое Казахстана по археологическим источникам. - Алматы, 1976. - 236 с.

13. Кадырбаев М. К. Курганные некрополи р. Верховьев. Илек. Древности Евразии в скифо-сарматское время [Курганные некрополи верхнего течения реки Илек. Древности Евразии в скифо-сарматский период. – Москва: 1984. - 264 с.

14. Гуцалов С. Ю. Древние кочевники Южного Приуралья VII-I вв. до н.э. / С. Ю. Гуцалов. - Урал: 2004. - 136 с.

15. Самашев З., Толеубаев А., Жумабекова Г. Дала Косемдеринин Қазынасы. Есик, Берел, Шиликти, Аралтобе [Сокровище Степных Вождей. Иссык, Берел, Шиликты, Аралтобе]. – Алматы: Изд-во Берел, 2004. - 170 с.

16. Сдыков М. Н., Лукпанова Я. А. Батыс Қазақстанның ежелгі кошпендилері (Таксай и оба кешени мысалында) // Древние кочевники Западного Казахстана. Таксай I на примере чумного комплекса. - Устный: 2013. - 290 с. [на казахском языке].

17. Геродот. Геродот Тарихи. (Мунтеким Окмен транс) [История Геродота]. – Стамбул: Ремзи Китапеви. 1991. - 544 с. [на турецком языке].

18. Смирнов К. Ф. Савроматская и раннесарматская культуры / под ред. А.И.Мелюкова. Степи Европейской части СССР в скифо-сарматское время [Савроматская и раннесарматская культуры. Степи Европейской части СССР в скифо-сарматское время. – Москва: Наука, 1989. - С. 165-177. [на русском языке].

19. Смирнов К. Ф. «Амазонка» IV века н.э. на Дону Б.А.Рыбаков (ред. Советская археология (1) ["Амазонки" IV века до н.э. на Дону. Советская археология (1). - 1982.- С.119-130. [на русском языке].

20. Садыков М. Н., Гуцалов С. Ю., Бисембаев А.А. Батыс Қазақстан Скиф Қазыналары. [Сокровища западно-казахстанских скифов]. – Урал: 2003. - 117 с. [на казахском языке].

21. Сулимирский Т. Сарматы: древний народ Юга России / Т. Сулимирский. – Москва: ЗАО "Центрполиграф", 2008. - 186 с. [на русском языке].

22. Бисембаев А. А., Избасарова Г.Б., Гуцалов С. Ю., Бекназаров Р.А. Батыс Қазақстан тарихы 1-том // История Западного Казахстана. Том I]. – Ақтобе: ПринтА, 2006. - 524 с. [на казахском языке].

23. Дурмуш I. Сарматлар [Сарматы]. – Анкара: Акчаг Яйынлары, 2007. - 135 с. [по-турецки].

24. Смирнов К. Ф. Савроматы. Ранняя история и культура Сарматов. Ранняя история и культура сарматов. - Москва: Наука, 1964. - 376 с.

25. <https://www.worldhistory.org/article/1843/scythian-territorial-expansion> / (дата принятия 13.01.2021)

ӘОЖ 94 (574)
ГРНТИ 03.20.91

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.17>

Сейітқали Дүйсен^{1*}, Қайыркен Әдиет²

¹ҚР БҒМ Ғылым Комитеті Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан

E-mail: duisen52@mail.ru

²ҚР БҒМ Ғылым Комитеті Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері,

PhD докторант, Қазақстан

E-mail: kairken82@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ОТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУШІЛЕР ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Аңдатпа

Мақала тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын зерделеуге арналған тарихи-саяси іргелі еңбектерді тарихнамалық тұрғыда саралауға арналған. Авторлар осы бағытта жазылған еңбектерді мәні мен мазмұнына қарай шартты түрде бірнеше топқа жіктейді. Сонымен

қатар саралауды хронологиялық жүйеде іске асыруға ұмтылған. Авторлар тарихшылар, саясаттанушы және дипломаттардың көрсетілген проблемаға қатысты еңбектерін бөліп-жармай тұтас бірлікте, өзара байланыс тұрғысында зерделейді. Зерттеушілердің барлығы Қазақстан Республикасының халықаралық аренада тек қатардағы қатысушы емес, оның белсенді әрекет етуші, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға елеулі үлес қосушы субъектісі ретінде орныққанын сипаттайтынын көрсетеді. Мақала авторлары ғылыми еңбектерді еңбектерін талдай келе сыртқы саясат тарихына қалам тартқан зерттеушілер өздерінің концептуалды тұжырымдарын Елбасы Н.Ә. Назарбаев пен Қ-Ж.К. Тоқаевтың ұсынған теориялық және әдіснамалық ұстанымдарына сүйеніп жасағанын айқындады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз елдің сыртқы саясатын негіздеуші, оның тұжырымдамасын жасаушы, басым бағыттарын айқындаушы, қалыптастырушы және 30 жылға таяу уақыт аралығында сыртқы саясатты жүзеге асырудағы басты тұлға болғаны туралы бірауызды пікір қалыптасқандығын дәлелдейді.

Кілтті сөздер: Қазақстан Республикасы, халықаралық қатынастар, халықаралық ұйымдар, Қазақстанның сыртқы саясаты, Сыртқы істер министрлігі, сыртқы саясатты зерттейтін ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының факультеттері.

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру №OR11465459) қаржылық қолдауымен орындалды.

Seyitkali Duisen¹□, Kairken Adiyev²

¹leading researcher at the Institute of State History, candidate of pedagogical sciences, associate professor, Kazakhstan, E-mail: duisen52@mail.ru

²Senior researcher of The Institute of History of the State Committee of Science of the MES RK, PhD student, Kazakhstan, E-mail: kairken82@gmail.com

FOREIGN POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE WORKS OF DOMESTIC RESEARCHERS

Abstract

The article is devoted to analyzing the historiography of historical and political fundamental works dedicated to studying the foreign policy of the Republic of Kazakhstan during the years of independence. The authors in this direction of work are conventionally classified into several groups, depending on the essence and content. At the same time, an attempt was made to systematize them from the point of view of chronology. The authors took a comprehensive approach to examine the works of historians, political scientists, and diplomats, focusing not on identifying differences but on finding interrelationships. Based on the analysis, it is indicated that the Republic of Kazakhstan represents an active subject of international relations, making a significant contribution to strengthening regional and global security. The authors found that researchers who studied the history of Kazakhstan's foreign policy, in their abstract conclusions, relied on theoretical and methodological approaches proposed by ex-President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev and current President of Kazakhstan K.K. Tokayev. The generally accepted assessment is that N.A. Nazarbayev was the founder of Kazakhstan's foreign policy, a key actor who has determined its priority areas over the past 30 years.

Keywords: *The Republic of Kazakhstan, international relations, international organizations, foreign policy of Kazakhstan, the Ministry of Foreign Affairs, scientific organizations and faculties of higher educational institutions studying foreign policy.*

Сейіткали Дүйсен¹, Кайыркен Адиев²*

¹Ведущий научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Казахстан

²Старший научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК, PhD докторант, Казахстан

ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ТРУДАХ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

Аннотация

Статья посвящена анализу историографии историко-политических фундаментальных трудов, посвященных изучению внешней политики Республики Казахстан за годы независимости. Написанные в этом направлении работы авторы условно классифицируют на несколько групп в зависимости от сущности и содержания. Вместе с тем предпринята попытка их систематизации с точки зрения хронологии. Авторы подошли комплексно к рассмотрению трудов историков, политологов и дипломатов, делая упор не на выявление различий, а на поиск взаимосвязей. Исходя из проведенного анализа, указывается, что Республика Казахстан утвердилась как активный субъект международных отношений, вносящий значительный вклад в укрепление региональной и глобальной безопасности. Авторы установили, что исследователи, изучавшие историю внешней политики Казахстана, в своих концептуальных выводах опирались на теоретические и методологические подходы, предложенные Елбасы Н.А. Назарбаевым и Президентом К.К.Токаевым. Сделано заключение, что в рассмотренных работах общепринятой оценкой является, что Елбасы Н.А. Назарбаев является основателем внешне-политического курса Казахстана, ключевым актором, определявшим ее приоритетные направления за прошедшие 30 лет.

Кілтті сөздер: Республика Казахстан, международные отношения, международные организации, внешняя политика Казахстана, Министерство иностранных дел, научные организации и факультеты высших учебных заведений, изучающие внешнюю политику.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тәуелсіздік алған сәттен бастап сыртқы саясаттың іргелі негіздері қаланды. Еуразия құрлығындағы ірі аймақтық мемлекет ретінде Қазақстан өз айналасында қауіпсіздік, егемендікті құрметтеу, аумақтық тұтастық, ауызбіршілік принциптеріне негізделген саяси мықты құрылымды құруға мүдделі болған. 30 жылы ішінде Қазақстан мемлекеті өзінің көп ғасырлық тарихын жаңғыртып, қазіргі халықаралық саяси аренада өз орнын айқындап, ішкі және сыртқы саясатта басым бағыттарды анықтады. Тәуелсіздік алған сәттен бастап басқа мемлекеттердің, халықаралық қауымдастықтың мойындауына, тең деңгейде қарым-қатынас жасауына қол жеткізуге ұмтылған болатын. Қазіргі кезде Қазақстан тәуелсіздігін әлемнің 195 елі, яғни әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің барлығы таныды. Сол елдермен дипломатиялық қатынастар орнатылып, елшіліктер ашылды. Сондай-ақ әлемнің түрлі халықаралық және аймақтық ұйымдарына мүшелікке қабылданды және кейбір ұйымдарға төрағалық етті. Елімізде көптеген халықаралық ұйымдардың өкілдіктері елімізде жұмыс істейді. Еуразия құрлығы мемлекеттерінің арасындағы өзіндік байланыстырушы буын бола отырып, Қазақстан халықаралық аренада теңдестірілген, қарама-қайшылықсыз сыртқы саясат жүргізетін саяси тұрақты және экономикалық табысты мемлекет ретінде барынша елеулі рөл атқарады. Әлемдік қауымдастық Қазақстанның дипломатиялық жетістіктерін мойындайды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев таяу және алыс шет елдермен сындарлы қарым-қатынастарды қалыптастыру мен қолдаудың ұзақ мерзімді мақсатын айқындады. Қазақстан басшылығы беймәлім ел бола, мемлекеттік құрылысты қамтамасыз етіп, сын-қатерлер мен қауіптерге лайықты жауап бере алды. Еліміздің сыртқы саясатының көпвекторлы бағыты бізге халықаралық қауымдастықпен теңгерімді стратегия жүргізуге мүмкіндік берді.

Тәуелсіздіктің 30 жылында халықаралық саясат саласында Қазақстан не істеді – деген сауалға отандық зерттеушілері, тәуелсіз еліміздің сыртқы саясаты мен Қазақстан Республикасы дипломатиясының қалыптасуы және даму барысын зерделеп, жан-жақты талдаулар жасады. ҚР сыртқы саясатының басымдықтары мен негізгі бағыттарына кешенді талдаулар жүргізген. Зерттеушілердің еңбектерінде еліміздің дипломатиялық әрекеттерінің тұтас бейнесін көре аламыз.

Методология. Зерттеуді жүргізу барысында зерттелетін мәселеге негізгі факторды анықтайтын және даму заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми әдістермен қатар эмпирикалық, хронологиялық, тарихи талдау және тарихи салыстыру жүйелілік әдістері қолданылды. Қазақстанның сыртқы саясатын зерделеу принципі ретінде жүйелілік әдіс қолданылады. Жүйелілік әдіс элементтері еліміздің халықаралық қатынастардағы орны мен рөлін қарастыруға мүмкіндік жасайды. Өйткені бұл уақыт өте келе құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Қазақстанның сыртқы саясатының нақты жай-күйін, қалыптасуын назарға ала отырып, жүйелілік тәсіл аясында жүйелі және тарихи аспектілер бөліп көрсетіледі. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының қалыптасу және даму процесін ашатын тарихи әдіс қолданылды. Сондай-ақ елдер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа жағдайдағы динамикасын талдауға мүмкіндік беретін аналитикалық әдіс қолданылады.

Талдау. Бұл тақырыптың тарихнамасы өте кең және оларды толық талдап шығуды бір мақала көлеміне сыйғызу қиын. Бұл мәселені көптеген отандық зерттеушілер сыртқы саясатымыздың әр қырын ашуға арналған еңбектерінің тарихнамалық бөлімдерінде қамтуға ұмтылады. Сонымен қатар біз отандық

зерттеушілерден бұл тақырыпта қалам тербеген тарихшыларға ғана тоқталмаймыз. Солардың қатарында саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, халықаралық қатынас саласымен айналысатын авторларды да атап өтеміз. Отандық зерттеушілер Тоқаев Қ-Ж.К., Сайлау Батыршаұлы, Мұхамедов М.Б., Нұрсұлтанова Л.Н., Сомжүрек Б.Ж., Байзақова К.И., Хан Г.Б., Медеубаева Ж.М. және басқалары өз еңбектерінде сыртқы саясат, халықаралық байланыстар, көпжақты қатынастарды талдайды. Салмақты тарихи еңбектерде Қазақстан Республикасының әлемдік саяси үдерістің толық құқылы мүшесі болып қалыптасуы кезеңін зерделеуге, Қазақстанның сыртқы саясатын айқындауда, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, оның геосаяси ерекшелігі факторының әсері мен рөлін зерделеуге Әкімбаев С.М., Әшімбаев М.С., Алтынбаев М.К., Бакаев Л.К., Иватова Л.М., Лаумулин М.Т., Сұлтанов Қ.С. сияқты ғалымдар еңбектері елеулі үлес қосқаны айтылады [1, 25 б.].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты жеткілікті зерттелген тақырып болып табылады. Бұл мәселенің ауқымды отандық тарихнамасы бар. Отандық зерттеушілер Тәуелсіз Қазақстан тарихының түрлі кезеңдеріндегі республика сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын жан-жақты талдады. Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің проблемаларын жүйелі зерттеудің бастауында негізінен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Басқару академиясы, Әлемдік саясат және экономика институты, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері институты талдау еңбектері, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті ғалымдарының зерттеу еңбектері біз көтеріп отырған проблеманы ашуға айтарлықтай үлес қосты.

Алайда осы бағытта тәуелсіздіктің алғашқы онжылдықтарындағы сыртқы саясат тарихнамасы, солардың қатарында тарихшы ғалымдардың үлесі әлі де толық зерттелмей келеді. Сыртқы істер министрлігі қызметкерлері өзінің кәсіби міндеттеріне байланысты елдің сыртқы саяси қызметінің әртүрлі аспектілерін айқындауға арнайы зерттеулер жасады. Олардың сыртқы саясаттың түрлі бағыттары мен мәселелері бойынша ғылыми ізденістері монографиялар мен мақалалардың жинақтары түрінде жарық көрді. Отандық ғылымда халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат туралы монографиялар мен ұжымдық басылымдар аясында қалыптасу мен бастаулары, басымдықтар мен бағыттарды талдап қорыту тәжірибесі қалыптасты. Жоғарыда айтылғандардан елімізде мемлекеттің сыртқы саясатын зерделеу жүйелі, ұйымдасқан түрде жүргізіліп отырғандығын көре аламыз. Республиканың сыртқы саяси қызметі тарихын зерттеу мектептері пайда болып, Қазақстанның сыртқы саясат туралы ғылымы ғылыми-практикалық білімнің жеке саласы ретінде қалыптасты деп қорытынды жасауға болады.

Зерттеу нәтижелері.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған тұста бірдең сыртқы саясатын тездетіп қалыптастырып алуға бар күш-жігерін жұмсады. Сыртқы саясатты қалыптастырмау халықаралық деңгейдегі мүддеге нұқсан келтіруі мүмкін еді. Сондықтан алғашқы күндерден-ақ сыртқы саясат ведомствосының заңнамалық құжаттары жасалды. Осы құжаттар аясында Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі құрылған. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сыртқы саяси қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын және инвестицияларды тарту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады [2]. Осы процестің басы қасында жүрген қызметкерлер, сол саланы жете зерделеп зерттеген ғалымдардың Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы сыртқы саясат ведомствосын қалыптастыру, дипломатиялық қызметтің басталуы тарихы мәселелері зерттеу еңбектерінде қарастырылды. Еліміздің дипломатиялық қызметінің алғашқы қадамдары мен табыстары нақты дереккөздермен көрсетілген.

Қ-Ж.К. Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» еңбегінде тәуелсіздік жылдары ішінде мемлекетіміздің сыртқы саясатының қалыптасу және даму барысы талданады. Автор Қазақстанның әлемдік қауымдастықпен өзара қарым-қатынасы, біздің еліміздің халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылы, сондай-ақ түрлі аймақтағы мемлекеттермен ынтымақтастығы туралы сөз қозғайды. Еңбекте қазақстандық сыртқы саясаттың басымдық берілетін бағыттары, мемлекетіміздің көкейкесті халықаралық мәселелерге көзқарасы баяндалады. Еліміздің сыртқы саясатының негізгі бағыттарына және халықаралық позициясын нығайту жөніндегі отандық дипломатияның күш-жігеріне талдау жасалады. Қазақстанның жекелеген елдермен өзара қарым-қатынасына, сондай-ақ мемлекетіміздің көпжақты дипломатия саласындағы іс-қимылына кең ауқымды сипаттама береді. Өзінің кітабында Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан сыртқы саясатының негізгі басымдықтарын қалыптастыруда еліміздің мүдделері

бәрінен де жоғары қойылды дей келе, Сыртқы саясатымыздың алғашқы он жылдығында негізгі бағыттары еліміздің әлемдік қауымдастыққа кірігуі, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстанның экономикалық дамуына жәрдемдесу, отандастарымыздың құқықтары мен мүдделерін қорғау, мүдделілік білдірген елдермен өзара тиімді қарым-қатынасты дамыту болған болатын» дейді. Отандық дипломатияның алдына қойған мақсаттарын әлемдік қауымдастық түсіністікпен қабылдап, жас мемлекетті қолдауындығын мәлімдегенін мақтанышпен атап өту керек. Бұл еліміздің дипломатиясының үлкен бір жеңісі. Халықаралық сахнада Қазақстанның саяси танылуын қамтамасыз ету, міндетін жемісті түрде жүзеге асырған. Бүгінгі Қазақстан туралы ой толғағанда өткен он жыл ішінде біздің еліміздің қандай үлкен жолдан өткендігін еске түсіресін. Біздің еліміздің басшысының дипломатия саласындағы саясаты толық өзін ақтады деп сеніммен айтуға болады. Бірақ мұнымен тоқмейілсуге әрине болмайды. Келесі ұрпақтың дипломаттары күрмеуі мол әлемдік саясатты, әлемдік рыноктың тыныс-тіршілігін айрықша жақсы білуге міндетті. Халықаралық қоғамдастықта біздің еліміздің мүдделерін жемісті түрде алға жылжытуға және қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жан-жақты білім жиынтығына қол жеткізуі керек - деп ойын түйіндейді [3, 19-47 бб.].

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының жалпы мәселелеріне қатысты тарихшы ғалым Б.Қ. Сұлтанов өзінің еңбектерінде талдау жасайды. Б.Қ. Сұлтановтың мерейтойына арнап Стратегиялық зерттеулер институты ұжымы шығарған маңызы жағынан монографияның жүгін арқалайтын кітаптың екінші бөлімінде ғалымның таңдамалы мақалалары топтастырылған. Б.Қ. Сұлтанов сарапшы ғалым ретінде Қазақстанның көрші Орталық Азия республикаларымен қарым-қатынасты ілгерілетудің бір мынадай жолын ұсынады. Түрлі жағдайларға байланысты экономикалық интеграцияға осы республикалардың саяси элитасы дайын болмағандықтан «интеграция» ұғымын қолданбай, ұлттық органдар, хатшылық, ортақ штаб-пәтер құрмай-ақ, мемлекет басшыларының, министрлердің, сарапшылардың жыл сайынғы экономикалық мәселелер бойынша «ынтымақтастықты» тереңдету жолында тұрақты кездесулер қалыптастыру арқылы ортақ мақсатқа қарай жылжуды ұсынады [4, 340 бб.].

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси Доктринасын қалыптастыру тарихын талдайтын *Ж.М. Медеубаеваның «История формирования внешнеполитической доктрины Республики Казахстан (1991-2010)»* монографиялық еңбегін де атап кетуге болады. Еңбекте тәуелсіздік алған кезден бастап 2010 жыл аралығындағы Қазақстан Республикасының сыртқы саяси Доктринасын қалыптастыру тарихы талданады. Елдің халықаралық аренадағы тәртіптік ерекшеліктерін анықтайтын сыртқы және ішкі факторларды зерттеуге ерекше назар аударылған. Тұңғыш рет халықаралық қатынас маманы ретінде сыртқы саясаттағы «экзогендік» (сыртқы күштер арқылы өзгерген) және «эндогендік» (ішкі себептерден туындаған) факторлар деген терминдерін өзінің еңбегінде қолданған. Қазақстанның қалыптасу процесі халықаралық қатынастардың акторы ретінде көрсетілген. Кітаптың кіріспе бөлімінде, Тәуелсіз даму жылдарында сыртқы саясат Қазақстан қоғамының эволюциясы, сыртқы саясат мәселелеріне деген мемлекеттік көзқарастар және халықаралық байланыстарды одан әрі кеңейту процесінде тұжырымдамалық ресімдеу мен доктриналыққа ие болды. Халықаралық байланыстар саласында ҚР доктринасының қалыптасуы институционалдық жағдайлар жасаумен және сыртқы саясаттағы өзекті проблемаларды шешумен байланысты болды. ХХІ ғасырдағы көпвекторлы саясаттың эволюциясы Қазақстанға әлемдік саясат субъектісінен өңірлік ауқымдағы халықаралық қатынастардың акторына айналуға мүмкіндік берді деген ойларын білдірген. Медеубаева өзінің еңбегінде Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты жеткілікті тұрғыда зерделенгенімен ҚР сыртқы саясатының проблемалары бойынша көптеген жұмыстар елдің халықаралық аренадағы қызметінің жекелеген жақтарын көлденеңінен, яғни географиялық, салалық бағыттылығынан ғана ашып көрсетеді. Ал Қазақстанның сыртқы саяси қызметін теориялық тұрғыдан және сатылы деңгейде қарайтын, яғни сыртқы саясатты қалыптастыру мен іске асырудың негізгі логикасын, үрдісі мен перспективаларын айқындайтын жұмыстардың жетіспеушілігі сезіледі дегендей тұжырымдарын жасайды. Осы кезеңде Қазақстан сыртқы саясатта Медеубаевның тұжырымдарында тәуелсіздіктің алғашқы бес жылдығында ҚР-ның әлемдік қоғамдастықтағы саясаты, бірінші кезекте, әлемде және өңірдегі интеграциялық жобаларды ілгерілетуге бағытталған» - делінген [5, 10-116 бб.].

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, бастамалары тәжірибе жүзінде әрқашан кең қолдау тауып және нақты іс жүзіне асырылып отырғандығын қарастыратын *М.Б. Мұхамедовтың «Қазақстан әлемдік қауымдастықта»* атты еңбегін айтуға болады. Еңбекте Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы жақсы қарастырылған. Ғылыми еңбекте әлемнің жетекші елдері – АҚШ, ҚХР, Түркия, Ресей және Германия сынды мемлекеттермен қарым-қатынастарына, ондағы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен ұлттық мүддесінің көптеген мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Сонын ішінде этникалық факторлар, қорғаныс мәселелері, шетел-

дермен экономикалық және рухани салалардағы ынтымақтастық, т.б. тереңірек айтылады. Қазақстанның геосаяси жағдайының қолайлылығы, оның тарихи дамуындағы жаңа қадамдар, көрші мемлекеттермен экономикалық және этнолингвистикалық байланыстардағы алғашқы табыстары, әлемнің жетекші елдері тарапынан қолдау көрсетілуіне мұқтаждығы оның сыртқы саясатындағы басым бағыттарды бөліп көрсетуге объективті алғышарттар болып табылады. Осы басымдықтар өз деңгейінде негізделген еңбек деп сенімді түрде айтып кетуге болады. Автор еліміздің саяси даму жолындағы ерекше маңызды кезең қазақ мемлекетінің қалыптасу және халықаралық қауымдастыққа батыл ену процесін бірінші тарауында жан-жақты ғылыми тұрғыда талдайды. Қазақстанның халықаралық саяси тарихын қарастыра отырып, еліміздің алып Кеңестік империяның құрамында болуымыз еліміздің сыртқы саяси жүйемізді қалыптастыруға қол байлау болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміз сыртқы саясаттағы әлемдік қауымдастық талап ететін күрделі міндеттерді шеше білді – дейді. Қазақстан үшін болашақ халықаралық айқындама ынтымақтастық, интеграция, өзара іс-қимыл және тату көршілік арқылы ғана сипатталатын болады дегуге негіз бар. Мұндай саясатқа басқа балама бүгінде жоқ – деген тұжырым жасайды. Мұрат Бақтиярұлы Мұхамедовтың кез келген егемендікке қол жеткізген, ие болған мемлекет қысқа мерзімде өзін басқа мемлекеттердің, халықаралық қауымдастықтың мойындауына, тең деңгейде қарым-қатынастар жасауына қол жеткізу үшін күреседі-дей келе, Қазақстан Республикасы он жылдай уақыт аралығында халықаралық қоғамдастықта өз орнын алу жолында 800-ден астам мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдер жасады, көптеген әлемдік, еуропалық, азиялық саяси және эконо-микалық ұйымдар мен одақтарға мүше болды, қысқа мерзім мерзім ішінде әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі атанды» - деген дәйек келтіреді [6, 18-36 бб.].

Сайлау Батыршаұлының «Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар» еңбегі дипломатияның жалпы тарихын ғана емес, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметі мен жүйесін, Сыртқы саясат тұжырымдамасын жан-жақты талдаған қазақ тіліндегі тұңғыш еңбек болып табылады. Сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы, «Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы» және басқа да маңызды халықаралық құжаттарды қазақ тілінде сөйлеткен Сайлау Батыршаұлының «Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар» еңбегі халықаралық қатынас, аймақтану, халықаралық құқық және саясаттану саласының мамандарына таптырмас еңбек болып табылады. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы дипломатиясы, оның тарихы, әлемдік дипломатияның тарихы мен тәжірибесін қарастырады. Еңбекте нормативтік құжаттар, белгілі халықаралық қатынас мамандары, отандық және шетелдік ғалымдар, саясаттанушылар, заңгерлер, тарихшылар және тағы басқалардың еңбектері басшылыққа алынған. Еңбекте Дипломатия тарихы, соның ішінде Қазақ хандығы Кеңес Одағы мен шетел дипломатиясының тәжірибесі, бүгінгі заманғы әлемдік саясат, БҰҰ және басқа халықаралық ұйымдардың жүйесімен таныстырады. Кітаптың «Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты» атты он екінші тарауында өз тағдырын өзі шешкен жас мемлекеттің жаһандық саяси және экономикалық үрдістерге қатысып дипломатиялық қатынастар орнатқандығы қарастырылады [7, 5-9 бб.].

2010 жылы Қазақ заң университетінің ғалымдары *Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б.* дайындап шығарған «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты» атты ұжымдық монография тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында қол жеткізген табыстарын жан-жақты, терең талдаған алғашқы іргелі еңбектің бірі дегуге болады [8]. 2003 жылы бұл еңбек қазақ тіліне аударылып жарық көрді. Авторлар бұл еңбекте Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз елдің сыртқы саясатының негізін қалаушы рөлін, стратегиялық мақсаты мен міндеттерін, оларды жүзеге асыруға негіз болатын негізгі критерилерді айқындап, тарих сахнасына жаңа шыққан жас мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілеп бергендігі туралы концептуалды тұжырым жасайды [8, 8-85 бб.]. Авторлар Қазақстанның ТМД елдерімен, Ресей және Қытай, АҚШ сияқты алып елдермен екі жақты тиімді ынтымақтастық қалыптастыру, Азия аймағы, Еуропа елдерімен, аймақтық және халықаралық ұйымдармен тиімді екі және көпжақты қатынастар қалыптастырғанын, Қазақ елінің аймақтық және әлемдік қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесі нақты дерек-дәйектермен талдап баяндайды. Кітап авторлары Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саясатты айқындаушы рөлі 1992 жылы 23 мамырда жарияланған «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген бағдарламалық мақаласында көрініс тапқанын және Сыртқы істер министрлігі мен қажеттілік туындағанда шетелдермен саяси, экономикалық, мәдени байланыстарға түсетін барлық мемлекеттік органдардың негізгі сүйенетін басты құжаты болғанын атап көрсетеді [8, 18-20 бб.]. Кітапқа алғысөз жазған заң ғылымдарының докторы, профессор М.С. Нәрікбаев тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен республиканың сыртқы саясаты өзінің қалыптасу кезеңін сәтті және нәтижелі аяқтап, ол мемлекеттік саясаттың негізгі құрамдарының біріне айналды. Қазақстан өзінің мемлекеттік, ұлттық қауіп-

сiздiгiн қамтамасыз етiп, дүниежүзiлiк экономикаға үйлесiмдi кiрiгуге жағдай жасалды деп бағалайды. Бұл монография тек 2001 жылға дейiнгi кезеңдi қамтиды және одан кейiнгi кезеңдi пайым-дайтын жалғасы жазылмай қалғандығы өкiнiш туғызады.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық әрекетiнiң тұтас бейнесiн беретiн *Тимур Қасымжомартұлы Тоқаевтың «Внешнеполитические приоритеты Республики Казахстан»* атты еңбекте Орталық Азияның негiзгi мемлекетi Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының басымдықтары мен негiзгi бағыттарына кешендi талдау жасалған. Кiтапта Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамалық аспектiлерi мен болжамды бағасының сипаттамасы берiледi. Қазақстанның БҰҰ және ЕҚЫҰ-мен энергетикалық дипломатиясымен ынтымақтастығы талданады. Қазақстан шекарасын рәсiмдеу тарихы және Каспий теңiзiнiң құқықтық мәртебесi жөнiндегi келiссөздерге арналған тараулар тәжiрибелiк мүдделер тудырып отырғанына назар аударады. Кiтап посткеңестiк кеңiстiктегi халықаралық қатынастардың өзектi мәселелерiн зерттеуге қызығушылық тудырады. Автор еңбектiң «Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы» атты бiрiншi тарауында елiмiздiң сыртқы саясатының концептуалдық негiздерiнiң қалыптасуын жақсы талдаған. Сондай-ақ ХХI ғасырдың бiрiншi жартысындағы Қазақстанның сыртқы саясатына қатысты болжамдық көзқарастарын бiлдiредi. Қазақстан Ресей, Қытай, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерiмен тату көршiлiк пен ынтымақтастықты дамыту мен нығайтуға аса назар аударатын мәселесенiң маңыздылығын баса айтады. «Жаңа тарихи жағдайларда қазақстандық бастама сұраныстағы дүние едi. Өйткенi ол өзiнiң халықаралық қауiпсiздiк саласында сенiмдi әрiптес болуға өзiнiң дайындығын көрсете алған, тарихи өткенiнiң ауыртпалығы жоқ және «кеңестiк гегемонизм» белгiсiн алып жүрмеген жас мемлекет ретiнде келдi-деп ой түйедi. Т.К-Ж. Тоқаевтың пiкiрiнше, Қазақстанның стратегиялық жағдайы оның сыртқы байланыстарын ауқымды түрде әртараптандыру, әлемдiк саясат пен экономиканың жетекшi субъектiлерiмен әрiптестiк қатынастар орнату қажеттiгiн талап етедi. Сондықтан елдiң ұзақ мерзiмдi мүдделерiн қорғау бастапқыда кең халықаралық ынтымақтастықты дамытуды және туындаған мәселелердi өзара келiсiмдер мен қолайлы ымыралар негiзiнде шешудi, көпжақты дипломатияның кең жиынтығын қолдану қарастырылды – деген [9, с. 25-58].

Қазақстанның 90-шы жылдардағы сыртқы саяси қызметiнiң қалыптасуы мен дамуы мәселелерi: сыртқы саясат тұжырымдамасы, елiмiздiң ТМД, Еуропа, Азия, Таяу және Орта Шығыс елдерiмен дипломатиялық, сауда-экономикалық және гуманитарлық қатынастары баяндалған *Л.Н. Нұрсұлтанованың «Казахстанская внешняя политика: становление и развитие (1991-1999)»* еңбегiнен Қазақстанның екiжақты және көпжақты ынтымақтастық оқиғаларын ашатын монографиялар, мерзiмдi басылымдар, мұрағат қорлары пайдаланылғандығын қолданылған деректер тiзiмiнен көре аламыз. Жалпы көлемi 85 беттен тұратын еңбекте тәуелсiздiктiң алғашқы сегiз жылындағы Қазақстандық сыртқы саясаттың қалыптасуы мен дамуы тарихына тоқталады. Аталған еңбекте әрине Қазақстанның сыртқы саясатын қарастыруда бiршама мәселелер қамтылмай қалғандығы байқалады. Еңбекте Қазақстан Республикасының сыртқы саяси басымдықтарында негiзiнен ТМД елдерi, қазақ-американ қатынастары, Қазақстан-Еуропа қатынастары, Азия мен Шығыстағы Қазақстан дипломатиясы тұрғысынан қарастырылады. Автор «Тәуелсiздiк жылдарында ҚР сыртқы саяси қызметi өзiнiң даңғыл жолынан өттi және негiзiнен Қазақстанның көптеген мемлекеттермен қатынастарының шарттық және құқықтық базасы қалыптасқанын, әлемдiк қоғамдастықтың сенiмi мен құрметi артқанын атап өту қажет» [10, с. 4, 81]. - дейдi. Елiмiз тәуелсiздiктiң алғашқы күндерiнен бастап-ақ нақты стратегиялық мақсаттар қойып сол бағытта көптеген әрекеттер жасалғандығын бiлемiз.

Қазақстанның Ресеймен әскери саладағы қарым-қатынастарының мән маңызын ашатын *Б.Ж. Сомжүректің «Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты: Ресей Федерациясымен әскери-саяси қарым-қатынастары»* еңбегiнде посткеңестiк кеңiстiктегi ұжымдық қауiпсiздiктiң қалыптасуы мен дамуы және оған Қазақстанның белсендi қатынасуы көрсетiледi. Ұлттық және әскери қауiпсiздiктi қамтамасыз ету әлемнiң көптеген мемлекеттерi үшін аймақтық тұтастықты, шегараның бұзылмауы және тәуелсiздiктi сақтаудың бiрден-бiр шарты болып табылады. Аумалы-төкпелi заманда да қазаққа екi тiзгiн, бiр шылбыр болып дүниеге келген Алаш Орда үкiметiнiң де бiр тiрегi әскер күшi болатын. Бүгiнгi әлем сан құбылып тұрған заманда да бейқам қалуға болмайтынын ашық көрсетiп отыр. Сондықтан да автор заманауи әскер жасақтау заман талабы екендiгiн көрсетедi. Әлемнiң ең мықты державалары қатарына қосылғымыз келсе бiзге тек мықты экономика емес қуатты әскерде ауадай қажет. Себебi әлеуеттi экономиканың қауiпсiздiгiн мықты қарулы күштер ғана қамтамасыз ете алады. Наполеонның «Өз әскерiңдi асырамасаң, қайғы қасiретпен не жау әскерiн, не өзгенiң әскерiн асырайсың» - деген әйгiлi сөзiн әрқашан жадымызда сақтау қажет деген пiкiрiн еске салады. Еңбекте Қазақстанның ғана емес тұтас Орталық Азиядағы қауiпсiздiк мәселелерi қозғалады. Әскери саланың сыртқы саясатта дұрыс анықталуы

және қауіпсіздік жүйесіне қатысу елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға, өз Қарулы Күштерінің қалыпта-суына ықпал етеді-деген пікірін білдіреді. Посткеңестік кеңістікте біртұтас қорғаныс жүйесі әскери қатерлерге қарсы тұратын тиімді тәсіл болар еді - деген ойының бүгінгі таңда біршама маңыздылығын жойып бара жатқандығын да айтып кеткен орынды. Бұған Украина дағдарысы дәлел бола алады-деген пікірді алға тартады. Еңбектің соңында, екі мемлекеттің арасындағы тарихтың жаңа кезеңінде қол жеткізілген шарттар мен келісімдер одақтас мемлекеттер арасындағы қатынасты нығайта отырып, Қазақстан мен Ресей арасындағы мызғымас достық пен ынтымақтастықтың жарқын көрініс бола беретініне сенім білдіреміз. ...Ресей Орталық Азиядағы өз ықпалын сақтап қалу үшін қолынан келгенін барлығын жасайды. Ресей Үкіметі Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен әскери қақтығыстардың алдын алу – бұл Ресейдің қауіпсіздігі екендігін жақсы түсінеді-деген қорытынды жасайды [11, 68-86 б.].

С.Ш. Мұсатаева, Ж.Қ. Сымтиковтың «Еуразия төсінде табысқан өркениеттер» монографиясында адамзат өркениетін диалогқа шақырып, ғаламдық және өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастықты дамытуға күш салып келе жатқан Қазақстан Республикасының рөліне, Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік саясаттағы орны мен саяси қызметіне талдау жасалған. Еңбекте жалпыадам-заттық маңызды істер атқарып отырған Қазақстанның жетістіктері сараланады. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы маңызды мәселелердің бірі ғаламдық қауіпсіздік мәселесі болып табылатын болса, осындай геосаяси жағдайда ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік ұйымдарының рөлі зор екендігі бесенеден белгілі. Осындай жанжалдардың алдын алу мен шешу, дағдарыстарды реттеуде Қазақстанның көптеген ұйымдарға мүше немесе соның төрағасы ретінде бастамаларын баяндайтын еңбекте еліміздің адамзат өркениетін бейбіт өмір сүруде қарумен емес үстел басында диалог арқылы шешу маңыздылығын көрсететін әрекеттерін атап көрсетеді. Кітапта ғаламдық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету, өркениеттер диалогын дамытуда еліміздің осынау жасампаз істерін ой елегінен өткізіп саралаған. Аймақтың геосаяси көшбасшы ретіндегі еліміздің рөлі, дамып келе жатқан азаматтық қоғам мен демократиялық институттар қазіргі таңда көрші елдерді осы бағытта дамыту үшін флагман бола алады-дей отырып, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдер қатарына ену жоспарлары да адам құқықтары мен демократияның әрі қарайғы дамуымен байланысты.Біз үшін, яғни дала демократия-сының мұрагерлері үшін патшалық отарлау кезінде жойылған қарапайым адами құндылықтар анағұрлым түсінікті әрі жақын және жеңіл қабылданады-деген ой түйеді [12, 6-13 бб.].

Дипломат, тарих ғылымдарының докторы *Арыстанбекова А.Х.* Тәуелсіз еліміздің сыртқы саясаты мен халықаралық жағдайы туралы бірнеше еңбек жазғаны белгілі. Ол «*Ұлттар Ұйымы және Қазақстан*» еңбегінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған соң БҰҰ-на қабылдануы тарихы және тәуелсіздіктің алғашқы айлары мен жылдары еліміздің осы беделді халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасты дамыту, нығайту мәселелері баяндайды. Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстанды БҰҰ-қабыл-дату мәселесімен айналысуды Қазақ КСР Сыртқы істер министрі қызмет атқарып жүрген кезінде, А.Х. Арыстанбековаға тапсырады. 1990 жылы қазанда Президент Н.Ә. Назарбаев Нью-Йорктегі КСРО өкілдігіне Қазақстан өкілі болып баруы керектігі туралы оған ұсыныс айтады. «Біз үшін БҰҰ-мен байланыс орнату ауадай қажет. Сіз БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясында жақсы жұмыс істедіңіз және ондағылар Сізді жақсы таниды» - дейді. Арыстанбекова А.Х. мемлекет басшысы тапсырмасын абырой-мен орындап, 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның 168-і мүшесі болып қабылданды [13, 67 б.]. Арыстанбекова А.Х. сол жылы маусымда ҚР БҰҰ-ғы Тұрақты Өкілі, 1993 жылы Төтенше және Өкілетті Елшісі ретінде ретінде бірнеше жыл абыройлы еңбек етті.

Дипломатия ардагері, саяси ғылымдар кандидаты Сәлім Құрманғожин өзінің мемуарлық және тарихи-деректі еңбегінде [14, с.320]. Тәуелсіз Қазақстанның Сыртқы істер министрлігін қайта құру және қалыптасу тарихымен, Қазақстан Республикасы мен Венгрия мемлекеті арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру тарихымен таныстырады. Кітап мемуар жанрында жазылғанымен деректік мәліметтерімен және ғылыми-тарихи сипаттауымен маңыздылығын байқатады. Автордың еңбегінің көлемі 318 бетті құраса, соның 200-ден астам беті, яғни 2/3-і Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тарихын бағамдауға арналғаны байқалады. Сәлім Құрманғожин Сыртқы істер министрі орынбасарының бірі ретінде жаңа құрылып жатқан сыртқы саясат ведомствосына конкурспен кадрлар алу, министрліктің, елшілердің қызметін айқындайтын тұжырымдама, заңдар қабылдау т.б. маңызды істердің куәгері және жүзеге асырушылардың бірі ретінде құнды мағлұматтар береді. Мәселен, 1992 жылы бірнеше айдың ішінде Сыртқы істер министрлігіне конкурстық негізде 201 қызметкер жұмысқа қабылданғаны, 14 қызметкердің Ұлыбритания, Малайзия, Үндістан, Пәкістан, Жапония елдеріне білім, тәжірибе жинақтау үшін жіберілгені көп жариялана бермейтін мәліметтер қатарына жатады [14, с.224]. Автордың келесі бір

дерегі де республиканың сыртқы саяси қызметінің бір қырын аша түседі. Еңбек авторы Қазақстанның 1992 жылы Таулы Карабах жері үшін бір бірімен қарулы қақтығысқа түскен Әзірбайжан мен Армения сыртқы істер министрлерін Алматыға шақырып кездестіріп, үш күн бойы келіссөздер жүргізуге араағайындық жасауы нәтижесінде екі мемлекет сол жылдың 1 қыркүйегінде әскери қимылдарды тоқтату туралы Меморандумға қол қоюы туралы маңызды дерек халықаралық аренаға енді қадам басқан Қазақстан Республикасының аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан алғашқы үлесі ретінде бағалайды [14, с. 226-227].

А.Арыстанбекова мен С.Құрманғожиннің ғылыми еңбектері сыртқы саясат қызметі саласында тек мемлекет басшысы ғана емес, осы ведомствода жауапты қызмет атқарған тарихи тұлғалардың да елеулі рөл атқаратындығы туралы пікір қалыптастыруға негіз болады деп білеміз.

Қазақстандық дипломат, тарих ғылымдарының кандидаты *Е.Х. Қазыхановтың жалпы редакциясымен шыққан «Казахстан в международном сообществе»* кітапта Қазақстанның Еуразиялық кеңістіктегі жетекші халықаралық ұйымдар мен өңірлік интеграциялық үдерістердегі көпжақты дипломатия аясындағы қызметін ашып көрсетеді. Қазақстан тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде БҰҰ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ көпжақты қызметіне, өңірлік ұйымдардың жұмысына қатысуы, оның қарусыздану, ядролық қаруды таратпау, бейбітшілікті қолдау және халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы өзекті мәселелерді шешуге қосқан үлесі егжей-тегжейлі қаралады. Қазақстанның ТМД және ЕЭО аясындағы интеграциялық процестердің бастамашысы ретіндегі белсенді рөлі ашылды. ҚР Президентінің Тәуелсіздіктің таңынан жария еткен көпвекторлы сыртқы саясат қағидаттары өміршендігін растап, бүгінгі таңда халықаралық қоғамдастықпен өзара іс-қимылдың баламасыз негізіне айналды. Күн сайын елдің жаһандық саясат пен экономикадағы рөлі мен маңызы артып келеді. Қазақстан дипломатиясы Мемлекет басшысы белгілеген стратегиялық сыртқы саяси басымдықтарды табысты іске асыруда. Бұл жұмыста көп жақты дипломатияға көп көңіл бөлінеді. Оның жаһандану және қазіргі халықаралық координаттар жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер жағдайында маңызы бірнеше есе өсті [15, с.10-14]. Ал осынау түбегейлі өзгерістер жағдайында тиімді сыртқы саясат-бұл ең алдымен қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер мен қатерлерді азайту, сонымен қатар қазақстандық экономикаға ұзақ мерзімді инвестициялар тарту болып табылады. Міне осы мәселелер төңірегінде жақсы талдау жүргізе отырып, жазылған еңбек болып табылатын бұл еңбек халықаралық қатынастар саласындағы мамандар, сарапшылар қауымдастығы, мемлекеттік органдар қызметкерлері және басқа да қалың жұртшылыққа арналған.

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатын саралаған ғылыми еңбектер жазып жүрген тарих ғылымдарының докторы, профессор *Ғ.М. Қарасаевтың* 2009 жылы жарық көрген монографиясында [16, 205 б.] еліміздің 1991-2008 жылдар аралығындағы халықаралық жағдайы мен сыртқы саясатына талдау жасалған. Автор еңбегінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті *Н.Ә. Назарбаевтың* тәуелсіздік жылдары еліміздің сарабал сыртқы сыртқы саясатын қалыптастырудағы бастамашылық және бағыт берушілік қызметіне екіпін түсіре талдайды. Автор еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі 18 жылда халықаралық қатынастарда Қазақстанның өзіне лайықты орын алуы және сыртқы саясаттағы табыстары президент *Н.Ә. Назарбаевтың* еңбегімен, есімімен тығыз байланысты деп тұжырымдайды [16, 197 б.]. Еңбек авторы сонымен бірге Қазақстанның өз еркімен ядролық полигонды жауып, ядролық қарудан бас тартуы, халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосқан бірнеше халықаралық және аймақтық ұйымдарды құруға бастамашы немесе белсенді құрылтайшысы болған қызметі елімізді әлемге бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретінде мойындатты деген пайым жасайды.

Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, экономика ғылымдарының докторы *Д.Ш. Мұхамеджанованың «Казахстан и международные интеграционные процессы»* монографиясы жаһандану және аймақтандыру жағдайындағы Қазақстанның экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне арналған. Автор Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын кеңейту ерекшеліктері, сипаты, перспективалары, стратегиялық әріптестік проблемаларын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық кеңістігі шекарасындағы өңірлік экономика моделін қалыптастыру үрдістерін қарастырады. Жаһандану және аймақтандыру жағдайында Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясаты, экономикалық құрылымы және стратегиялық экономикалық әріптестік бағыттарын қалыптастыру мәселелері осы зерттеудің құрылымын айқындайды. *Бірінші тарауда*, жаһандану және аймақтық интеграция жағдайында Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатын қалыптастыру факторлары баяндалады. Халықаралық ұйымдардың заманауи жүйесінде Қазақстанның орны мен маңызын анықтау, сондай-ақ жаһандық экономикалық әріптестіктің басым салаларын көрсетуге талпыныс жасалған [17, с.9-35]. Екінші тарауда, Қазақстан экономикасының қазіргі заманғы құрылымы,

оның сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен қалыптасу ерекшелігі талданады. Макроэкономика саласындағы үрдістер және Қазақстан сыртқы экономикалық қатынастарының перспективалары зерделенген [17, с.35-64]. Индустриялық-инновациялық экономика құру жағдайында елдің экономикалық құрылымының өзгеруіне сыртқы сауда саясатының әсері қарастырылады. Қазақстанның аймақтық экономикалық интеграция процестеріне қатысу проблемалары мен перспективаларына, республиканың әлемдік интеграциялық бірлестіктерге қатысушы елдермен сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастығын дамытудың қазіргі заманғы үрдістеріне және олардың ұлттық сыртқы экономикалық саясат векторларын қалыптастыруға әсеріне ерекше назар аударылады [17, с.36-42].

Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихы, Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев туралы жазылған көптеген еңбектерде Президенттің сыртқы саясаттағы бастамалары қарастырылған. Мемлекет тарихы институты ғалымдары өз еңбектерінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саясаттағы рөлін пайымдауға айтарлықтай үлес қосты. 2010 жылы жарық көрген *Қазақстандағы президенттік билік институты* туралы ұжымдық монографияда мемлекет басшысының 1991-2010 жылдардағы сыртқы саясат саласындағы да қызметі нақты деректер негізінде талданған [18, 368 б.]. «...Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бірінші болып қолға алған мәселе-шетел мемлекеттерімен заңды түрде достық және өзара ынтымақтастық келісім шарттар жасау болды. Екіншіден, бұрынғы КСРО елдері арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды сақтап қалуға баса назар аударылды. Себебі кезінде біртұтас жоспарлы экономикалық даму шеңберінде болған елдер үшін ендігі жерде жекедара даму өте көп қиындықтар туғызды. Үшіншіден, Қазақстан ядролық қаруы бар мемлекет ретінде танылды және осы себепті де әлемнің белді мемлекеттерінің назарын аударды. Ядролық қару мәселесін елдің егемендігіне, қауіпсіздігіне нұқсан келтірмей шешу міндеті қиын да болса тиімді шешілуі қажет болды. Төртіншіден, еліміздің табиғи байлықтары мен экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану және ұйымдастыру арқылы нарықтық экономикаға көшіп, әлемдік экономикалық үдерістер қосылу міндетін ойдағыдай жүзеге асыру қажет. Бесіншіден, көп ұлтты мемлекет ретінде, ұлттар достығы және адам құқығы мәселесін демократиялық принциптерге сай жүзеге асыру асыру да бірінші кезектегі мәселе ретінде алда тұрды» - деп көрсетеді осы еңбектің авторлары.

2010 жылы Мемлекет тарихы институты ғалымдары шығарған *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саясаттағы бастамалары* еңбегінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығы кезеңінде халықаралық қауіпсіздікті нығайту жолындағы бастамалары баяндалып талданады. Авторлар Қазақстан басшысының әлем назарын аударған осы бастамалары қолдау тауып ТМД, Азиядағы өзара ықпалдасу және сенім шаралары жөніндегі кеңес, ЕурАзЭҚ сияқты аймақтық құрылымдар құру арқылы жүзеге асқанын көрсетеді. Осы еңбектің авторлары Президенттің сыртқы саясаттағы бастамаларын төмендегі бағыттар бойынша жүйелеген:

- Елбасының сыртқы саясаттағы күзіреті;
- Президент және ТМД елдері: еуразиялық форматтағы Елбасының бастамалары;
- Елбасының ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті нығайту бойынша бастамалары;
- Қарусыздану және ядролық қаруды таратпау бойынша Президенттің көтерген бастамалары;
- Қазақстан және әлемдік қауымдастық: ғаламдық, өркениетті және дағдарысқа қарсы бастамалар

[19, с. 369].

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдары 2011 жылы жазған *«Тәуелсіз Қазақстан тарихы»* ұжымдық монографиясы [20, с. 400] еліміздің сыртқы саясаты тарихын 2011 жылға дейін ұзартып біршама жоғарыда айтылған олқылықтың орнын толтырғандай болды. Монография республиканың жалпы тарихы дамуын талдағанымен, оның «Қазақстан және әлемдік қоғамдастық» аталатын еңбектің ¼ бөлігін қамтитын 7-ші тарауын Несіпбаева Ж.Ж., Нұрымбетова К.К., Нұрсұлтанова Л.Н., Оразбек Е.Ж., Мұстафаев Н.И., Қалиев Ж.А. сияқты сыртқы саясат саласын зерттеушілер жазған [20, с.7]. Бұл еңбектің бір ерекшелігі Қазақстанның әлемнің жекелеген елдерімен екі жақты қатынастары тарихында Азия мен Африка елдерімен саяси және экономикалық байланыстарына баса назар аударғаны. Мәселен, Моңғолия мемлекетімен қатынас тарихи, дәстүр, және мәдени дамудағы екі халықтың арасындағы ғасырлар тереңіне бойлайтын ортақ байланыстардың рөлі елеулі болғанына көңіл бөледі [20, с.317]. 1991-2006 жылдары екі ел астам экономика, кеден, салық, мәдениет салаларындағы ынтымақтастық бойынша 40 астам екіжақты үкіметаралық, ведомствоаралық келісімшарттар жасап жүзеге асырғандығын келтіреді. Қазақстанның 90-шы жылдары Азия құрылымының қиыр шетінде орналасқан шағын ғана Тайланд мемлекетімен экономикалық жақсы байланыстар жасағаны да көп жазыла бермейтін тақырыптың бірі. Мәселен, осы еңбекте 1992 жылы Тайландтан 8,9 млн рубльге

микроЭВМ, есептегіш машиналар т.б. импортталса, 1993 жылдың тек бірінші тоқсанында ғана Қазақстан Тайландқа 12,76 млн долларлық өнім экспорттағаны жазылады. Бұл деректер Қазақстанның алғашқы жылдардан бастап сыртқы саясатты жүргізуде нақты бір мемлекеттер немесе аймақтармен шектеліп қалмай көпжақты сауда-экономикалық қатынастарды да қалыптастыруға ұмтылғанын көрсетеді. Авторлар Қазақстанның сыртқы байланыстары қызметін посткеңестік республикалар, Еуропа, Азия және Африка аймағы елдерімен, АҚШ және аймақтық ұйымдармен жүргізген бағыттарына қарай топтастырған. Осы тарауды жазуға аталған авторлар 156 дереккөзін пайдаланған [20, с.358-363]. Атап айтқанда ҚР Президенті архивінің 75-Н қорынан – он жеті, 7-ші қордан - екі, 5-ші қордан екі істі және бірнеше құжаттар жинақтарын, бірқатар ғылыми еңбектерді, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатты безбейтін «Дипломатический вестник», «Дипломатический курьер» сияқты арнайы ғылыми-ақпараттық журналдарды, сонымен бірге электронды дереккөздерін пайдаланулары еңбектің дереккөздерінің маңыздылығын көрсетеді.

Біздің пайымдауымызша тәуелсіз еліміздің сыртқы саясатын зерделеген ғылыми басылымдарға жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулықтарды да жатқызуға болады. Солардың қатарында ғылыми тұрғыдан маңыздысы Мемлекет тарихы институты шығарған «Қазіргі Қазақстан тарихы» оқулығы [21]. Оқулықтың 2-ші бөлімінің 5 тарауы «Қазақстан және қазіргі әлем» және 6 тарауының 6.3 тақырыпшасы («Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саясаттағы басымдықтары») тәуелсіз еліміздің сыртқы саясатының тарихын баяндауға арналған. Тараудың соңында берілген әдебиеттерге қарағанда авторлар сыртқы саясатты баяндауда негізінен Н.Ә. Назарбаев пен Қ-Ж.К. Тоқаевтың еңбектеріне сүйенгені байқалады. Ғалымдар Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саяси доктринасының дінгегі-көпбағытты саясат ұстану болды. Көпбағыттылық-әлемде елеулі рөл атқаратын және Қазақстан үшін қарым-қатынаста маңызды болып табылатын мемлекеттердің барлығымен достық әрі әріптестік байланыс орнатты деген сөз» деп түйін жасайды [21, 351 б.].

Еңбек авторлары пікірлерін Президенттің «Қазақстан геосаяси жағдайы және экономикалық әлеуетіне орай тар, аймақтық деңгейдегі мәселелермен шектеліп қалуға құқығы жоқ. Бұлай істеу, тек елдің көпәтникалы халқына ғана емес, сонымен қатар әлемдік қауымдастыққа да түсініксіз болар еді. Қазақстанның болашағы-Азиямен де, Еуропамен де, Шығыспен де байланысты. Осындай саясат жүргізгенде ғана біз Қазақстанның қауіпсіздігіне төнетін қатерлерден сақтана аламыз. Елдегі экономикалық және саяси жанаруларға сыртқы саяси қолайлы жадайды нығайта аламыз. Сыртқы қоршаған орта қолайсыз болса, таяу және ұзақ мерзімге белгілеген мақсаттарымызға жетуіміз екі талай» деген пікірімен дәйектейді. Авторлар еңбекте республиканың әлемдік қоғамдастықпен және халықаралық ұйымдармен өзара қатынастарына баса ден қояды. Сонымен бірге басқа мемлекеттермен ынтымақтастығы мәселелерін де талдайды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының зерттелуін талдай отырып, біз мынадай тұжырымдарға келеміз: әлемдік дамудың қазіргі кезеңінде мемлекеттің сыртқы саяси қызметін талдау халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатты зерттеу саласындағы дәстүрлі және жаңа ғылыми көзқарастардың үйлесімінен тұратын берік теориялық, тұжырымдамалық негізге ие болып отыр. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын зерделеген отандық зерттеушілерді былайша жіктеуге болады. *Бірінші*, Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты жайлы арнайы жазылған еңбектерді атап өтеміз. *Екінші*, Тәуелсіз Қазақстан тарихы туралы жазылған еңбектерде Қазақстанның дипломатия тарихы, Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттары, сыртқы саяси ұстанымы баяндалатын еңбектер. *Үшінші*, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев туралы жазылған еңбектерде Елбасының салиқалы, сарабал сыртқы саясатын қозғайтын туындылар деп атап өтеміз.

Ойымызды түйіндей келе айтарымыз мақала таза тарихи сипатта жазылды деп айта алмаймыз, өйткені еліміздің сыртқы саясаты тарихын ашуға қоғамдық ғылымдар саласының саясаттанушы, халықаралық қатынастар саласы және дипломаттардың еңбектері де қатысты болғандықтан оларды бөліп тастай алмадық. Екінші жағынан жоғарыда талданған еңбек авторларының бірқатары кезінде тарих мамандығы бойынша кандидаттық диссертациялар қорғағандар болатын. Дегенмен бұл еңбектердің әрқайсысы тәуелсіз Қазақстан тарихнамасынның дамуына белгілі дәрежеде өз үлестерін қосты. Болашақта тәуелсіз сыртқы саясатымыз тарихнамалық тұрғыда талданған зерттеулер жазыла беретін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5- том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 688 б.*
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa?lang=kk>

3. Тоқаев Қ-Ж.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы: Gauhar, 2020. – 568 б.
4. Султанов Б.К. Дипломат. Ученый. Директор. (Сборник статей, очерков, интервью) Под редакцией З.К. Шаукеновой. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте Республики Казахстан. 2021. – 340 с.
5. Медеубаева Ж.М. История формирования внешнеполитической доктрины Республики Казахстан (1991-2010). – Астана: Мастер По, 2012, 297 с.
6. Мұхамедов М.Б. Қазақстан әлемдік қауымдастықта. – Алматы: Жоғары аттестациялық комиссияның баспа орталығы, 2000. – 328 б.
7. Батыршаұлы С. Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар. – Астана: Фолиант, 2011. – 512 б.
8. Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Монография. – Алматы: ҚазГЗУ. 2003. – 512 б.
9. Тоқаев Т.К-Ж. Внешнеполитические приоритеты Республики Казахстан. – Москва: Восток-Запад, 2011. – 448 б.
10. Нурсултанова Л.Н. Казахстанская внешняя политика: становление и развитие (1991-1999). – Астана: Мастер ПО, 2012. – 85 с.
11. Сомжүрек Б.Ж. Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты: Ресей Федерациясымен әскери-саяси қарым-қатынастары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010. – 103 б.
12. Мұсатаева С.Ш., Симтиков Ж.Қ. Еуразия төсінде табысқан өркениеттер. – Алматы: Infiniline, 2011. – 158 б.
13. Арыстанбекова А.Х. Ұлттар Ұйымы және Қазақстан. Аударған Қайнар Олжай. – Астана: Аударма, 2004. – 716 б.
14. Қурманғужин С.А. 45 лет на дипломатической службе. Мемуары. – Алматы: ИД» Жибек жолы», 2003. -320 с.
15. Казахстан в международном сообществе /под общей редакцией Казыханов Е.Х. - Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – с.148.
16. Қарасаев Ф.М. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты ХХ ғасырдың соңы – ХХІ ғасырдың басында (тарихи-саяси бағыт). - Өскемен. Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ. 2009. – 205 б.
17. Мухамеджанова Д.Ш. Казахстан и международные интеграционные процессы. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – С.200 б.
18. Аяған Б.Ф., Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М., Шәпиев Б.С. Қазақстандағы президенттік билік институты: тарих, тағылым, тәжірибе. – Алматы: Паритет. – 368 б.
19. Нұрымбетова Г.Р., Құдайбергеннов Р.А., Селверстов С.В. Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева. Историко-документальное исследование. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 384 с.
20. Абжанов Х.М., Нурсултанова Л.Н. История независимого Казахстана. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – С. 400.
21. Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. ЖОО-ның тарихи емес мамандықтарына «бакалавриат) арналған оқулық. – Алматы: Паритет. 2010. – 448 б.

References:

1. Qazaqstan Tarıhy (köne zamannan büginge deın). Bes tomдық. 5- tom. – Almaty: «Atamura», 2010. – 688 b.
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa?lang=kk>
3. Тоқаев Қ.К. Qazaqstan Respublikasynyń diplomatiyası. – Almaty: Gauhar, 2020. – 568 bet.
4. Sultanov B.K. Diplomat. Uchenyi. Direktor. (Sbornik statei, ocherkov, intervuu) Pod redaktsiei Z.K. Shaukenovoi. – Nur-Sultan: KISI pri Prezidente Respubliki Kazakhstan. 2021. – 340 str.
5. Medeubaeva J.M. Istoriua formirovaniua vneshnepoliticheskoi doktriny Respubliki Kazakhstan (1991-2010). – Astana: Master Po, 2012, 297 str.
6. Muhamedov M.B. Qazaqstan álemdik qauymdastyqta. – Almaty: Joǵary attestatsialyq komissuanıyń baspa ortalyǵy, 2000, 328 bet.
7. Batyrshauly S. Diplomatualyq qyzmet jáne halyqaralyq qatynastar. – Astana: Foliant, 2011. – 512 bet.
8. Han G.B., Suvorov L.S., Rahmanova G.B. Qazaqstan Respublikasynyń syrtqy saiasaty. Monografiua. - Almaty: QazGZU. 2003. – 512 bet.
9. Tokaev T.K. Vneshnepoliticheskie prioritety Respubliki Kazakhstan. – M.: Vostok-Zapad, 2011. – S. 448.
10. Nursultanova L.N. Kazakhstanskaia vneshniaia politika: stanovlenie i razvitie (1991-1999). – Astana: Master PO, 2012. – 85 str.
11. Somjürek B.J. Qazaqstan Respublikasy syrtqy saiasaty: Resei Federatsiasyymen áskeri-saiasi qarym-qatynastary. – Astana: L.N. Gumilev atyndaǵy EEU, 2010. – 103 bet.

12. Musataeva S.Sh., Smtikov J.Q. *Eurazua tösinde tabysqan örkeniетter.* – Almaty: Infinline, 2011. – 158 b.
13. Arystanbekova A.H. *Ul'ttar Uıymy jáne Qazaqstan. Audarǵan Qainar Oljai.* – Astana: Audarma, 2004. – 716 bet.
14. Kurmangujin S.A. *45 let na diplomatcheskoi slujbe. Memuary.* – Almaty: ID» Jibek joly», 2003. – 320 str.
15. *Kazakhstan v mejdunarodnom soobestve /pod obei redaktsiei Kazykhanov E.H.* – Almaty: Daik-Press, 2012. – str.148.
16. Qarasaev Ğ.M. *Qazaqstan Respublikasynyń syrtqy saiasaty XX ğasyrdyń sońy – XXI ğasyrdyń basynda (tarıhı-saiası baǵyıtı).* - Öskemen. D.Serikbaev atyndaǵy ShQMTU. 2009. – 205 bet.
17. Muhamedjanova D.Sh. *Kazakhstan ı mejdunarodnye integratsionnye protsessy.* – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2011. – str. 200.
18. Aıaǵan B.Ğ., Nurymbetova G.R., Abjanov H.M., Shapiev B.S. *Qazaqstandaǵy prezidenttik bilik instituty: tarıh, taǵylym, tájirıbe.* – Almaty: Raritet. – 368 bet.
19. Nurymbetova G.R., Kudaibergenov R.A., Seliverstov S.V. *Vneshnepoliticheskie initsiativy Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.A. Nazarbaeva. Istoriko-dokumentalnoe issledovanie.* – Almaty: Qazaq entsiklopediasy, 2010. – 384 str.
20. Abjanov H.M., Nursýltanova L.N. *Istoriua nezavisimogo Kazakhstana.* – Almaty: Qazaq entsiklopediasy, 2011. – str. 400.
21. Aıaǵan B.Ğ., Abjanov H.M., Mahat D.A. *Qazirgi Qazaqstan tarıhy. JOO- nyń tarıhshy emes mamandyqtaryna «bakalavriat) arnalǵan oqulyq.* – Almaty: Raritet. 2010. – 448 bet.

ӘОЖ : 94(574):001.891 «1991/2020»
МҒТАР 03.20:

<https://orcid.org/0000-0003-0449-9796>
<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.18>

Қ.А. Еңсенов¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мемлекет тарихы институты.
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
E-mail: kanat-02-79@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (1991-2020 жж.)

Аңдатпа

Қазақстанның тарих ғылымы Кеңес Одағының кезінде өз деңгейінде айтарлықтай дамыған жоқ. Тек, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақытынан бері жаңаша көзқараспен тың зерттеулер жүзеге асырылып келеді. Жалпы, Қазақстан тарих ғылымы – дүниежүзі тарихының құрамды бөлігі. Сондықтан, Отан тарихының дамуын және оның дамуына ғылыми-зерттеу институттарының қосқан үлесі мен қызметін қарастыру да маңызды мәселе екендігі анық.

Бұл мақалада Қазақстан тарихына қатысты ғылыми-зерттеулердің жүзеге асырылуы, Археология және Шығыстану институттарының құрылуы, қалыптасуы және Отан тарихын зерттеуге арналған бағдарламалар мен ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуы, орындалған жұмыстардың нәтижелеріне талдаулар жасау арқылы зерттеу нысанына алынған. Қазақстан тарих ғылымының дамуына осы аталған институттарда қызмет жасайтын ғалымдардың 1991-2020 жылдар аралығында қосқан үлесі және Отан тарихына қатысты зерттеулері, олардың атаулары мен нәтижелері туралы баяндалған.

Кілт сөздер. *Отан тарихы, Қазақстан тарихы, Көне дәуір, Орта ғасыр, Археология, Деректер, Тарихнама, Материалдық мәдениет, Жәдігерлер.*

Еңсенов К.А. ¹

¹кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Институт истории государства.
Республика Казахстан, город Нур-Султан
E-mail: kanat-02-79@mail.ru